



Ассамблеяның жаңа кезеңі

6-бет



Робот медицина

14-бет



Қайталанбайтын Қожықов

15-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№58 (30537) 29 НАУРЫЗ, СӘРСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

VIII шақырылымның бірінші сессиясы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында сөз сөйледі.

Жиынға мемлекеттік органдардың басшылары, Ұлттық құрылтай мүшелері, қоғам қайраткерлері мен басқа да азаматтар шақырылған. Парламенттің бірлескен

палаталарының отырысындағы Президенттің сөйлейтін сөзі 29 наурыз күні сағат 10:00-де республикалық телеарналарда және әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетіледі.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Жанар-жағармай тапшылығы

Оны жоюдың жолы қандай?

Көкжиектен көктем көрінгеннен бастап елде жанар-жағармай бағасына қатысты мәселенің де шегі қылтыяды. Өзірге көрші елдермен салыстырғанда ең төменгі баға бізде тіркеліп тұр. Соңғы 5 жылда бензиннің бөлшек бағасы небәрі 13 пайызға өсіпті. Жыл сайынғы орташа өсім 2,3 пайыз болған. Ал дизель отыны 30 пайызға қымбаттаған (жылдық орташа өсімі – 5,3 пайыз). Мұндай көрсеткішпен Қазақстан жанар-жағармай арзан 10 елдің қатарына еркін еніп тұр. Бірақ...

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»


Жақын көршілерімізбен салыстырғанда жанар-жағармай бағасының төмен екені рас. Бізде дизель литріне 260 теңгеден сатылса, оның бағасы Ресейде – 367, Өзбекстанда – 544, Қырғызстанда – 408 теңге. Мұнай сервистік компаниялар одағының басшысы Рашид Жақсылықовтың айтуынша, бұл жерде біз ескермей қалатын бір мәселе бар.

«Көршілеріміз – Өзбекстан да, Қырғызстан да егінмен айналысады. Бізбен бір мезгілде егін еккеннен кейін, оларға да жанар-жағармай міндетті түрде

қажет. Еккен өнімінен көбірек пайда көру үшін олар арзан жанар-жағармай алу мақсатында бізге қарай келеді», дейді Рашид Жақсылықов.

Сөйтіп, біздің отын заңсыз жолмен, арзан бағада шетел аса бастайды. Energy Monitor телеграм-каналының авторы Нұрлан Жұмағұловтың айтуынша, мемлекет дизель бағасын шетелдік транспорт үшін – 450 теңге, жергілікті азаматтар үшін 230-260 теңге етіп бекітіп қойды. Бір қарағанда анық та түсінікті көрінетін мұндай тәртіп нарықта тапшылық тудырып жатыр.

(Соңы 5-бетте)



РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. «2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2022 жылғы 1 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

- 1) 1, 7 және 13-баптар мынадай редакцияда жазылсын: «1-бап. 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттің негізгі мақсаты осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін: 1) кірістер – 19 063 995 118 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 14 279 036 264 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 351 800 230 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 1 248 374 мың теңге; трансферттер түсімдері бойынша – 4 431 910 250 мың теңге; 2) шығындар – 21 647 463 677 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 416 911 978 мың теңге, оның ішінде:

(Жалғасы 8-бетте)

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының өкімімен Мәди Төкешұлы Такиев Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі лауазымынан босатылды.

ЖАНАЙҚАЙ

Шабындық және жайылымдық жер жетпейді

Катонқарағай ауданының түкпіріндегі Берел ауылында жайылым мен шабындық жерлер тарылып бара жатыр. Оған себеп, жер телімі әу баста тең бөлінбеуі деседі тұрғындар.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Жуықта берелдіктер редакциямызға қос бірдей хат жолдады. Екеуі екі түрлі мәселе болғанымен, төркіні біреу: жайылым мен шабындықтың аздығы. Дегенмен Катонқарағай ауданында 20 мың гектар жер мемлекетке қайтарылып, қайта бөліне бастаған екен. Жалпы, игерілмей жатқан немесе заңсыз алынған жерлер билік назарында екенін де еске сала кетейік.

Берел – тоғыз жолдың торабында жатқан туристік әлеуеті мол ауыл. Өйгілі Рахман қайнары, Берел қорық-музейі, Мұзтау,



Суретті түсірген Еран ОМАР, «EQ»

Қаракөл, Шыңдығатай секілді көрікті жерлерді көреміз десеніз, аядай ғана Берел ауылын басып өтесіз. Ауылдың тұрғындары да еңбекпен біте қайнасақ. Бірақ туризмнен гөрі атакәсіп – мал шаруашылығымен айналысқанды жөн санайды. Өйткені туризм – мезгілдік жұмыс, әрі кетсе үш

ай. Содан кейін Алтайдың ауылдарында мүлгіген тыныштық орнайды. Демек, күнкөріс көзі – мал өсіру. Алайда тұрғындардың пікірінше, ауыл жерден таршылық көріп отыр. Хат жолдау себептері де сол. Мәселенің мән-жайы түсінікті болуы үшін хаттарды ықшамдап, оқырман назарына ұсынайық.

(Соңы 4-бетте)

«Ақ Жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы	«AMANAT» партиясы	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы	Қазақстан Халық партиясы	«Respublica» партиясы
Берілген дауыстар саны	535 139	3 431 510	693 938	331 058	146 431	432 920
%	8,41%	53,90%	10,90%	5,20%	2,30%	6,80%
Мандаттар саны	6	40	8	4	-	5

Partiyalar үшін және «Бәріне қарсы» дауыс берілді 6 366 441

«Бәріне қарсы» дауыс берді 248 291 3,90%

Жаңа жыл кірген тұста басталып, екі жарым айға созылған саяси кезең мәреге жетті. Күні кеше Мәжіліске өткен партиялар кімдерге мандат бұйырғанын хабарлады. Осылайша, жаңа сайланған төменгі Палатаның мүшелері толық анықталды. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгере» демекші, бұл сайлау да, Мәжіліс мүшелері де бұрынғыдан өзгеше сипатта.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Қазақстан кейінгі кезде саяси жаңғырту үдерісінде парламентаризмді дамытуға ерекше ден қойғанын атап өткен жөн. Былтыр Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде әділ әрі ашық ережелері бар саяси жүйенің мүлде жаңа стандарттары енгізілді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі айтарлықтай жеңілдетілді. Тіркеудің қажетті шегі төмендетілді. Мәжіліске өту шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендеді. Яғни 20 мың қол жинаудың орнына 5 мың қол жинау жеткілікті. Бастамашы топ мүшелерінің қажетті саны да 30 пайызға азайды. Сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды.

Әлбетте, мұның бәрі саяси партиялардың санын арттырып, саяси бәсекені күшейтетіні, халық қалаулыларының жаңа легі пайда болуына сеітігін тигізетіні

сөзсіз. Нәтижесінде, биылғы сайлауға екі жаңа партия қатысты. Соның бірі – «Respublica» Парламент құрамына кірді. Осындай өзгерістердің нәтижесінде Парламенттегі фракциялар саны екі есеге артты. Мәжілістегі партиялардың көбеюі Парламентте пікір алуандығын қалыптастыратыны анық.

Сонымен мұқым халық асыға күткен партиялық тізім де жарияланды. Жалпы, жаңа шақырымдағы депутаттардың 70 пайызы жаңадар. Басым дауысты «Аманат» иеленгендіктен, кімдерге мандат бұйыратыны біраз қауымды қызықтырғаны жасырын емес. Партия тізімі жартылай жаңарды деп айтуға толық негіз бар.

«Аманат» ұсынғандардың жартысы ғана бұған дейін Парламенттегі заң шығару жұмысынан тікелей хабардар. Яғни 40 депутаттың 19-ы VII шақырылымда Мәжіліс мандатын алған тұғын. Олардың қатарында Мәжіліс төрағасы болған Ерлан Қошанов,

партияның атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев, заңгер Айгүл Құспан секілді бірқатар азамат бар. Ал Мұрат Әбенев пен Бактықожа Измұхамбетов оның алдындағы шақырылымда Мәжіліс құрамында болған еді.

Депутат атағын жаңа алғандар қатарында бұрынғы министрлер, вице-министрлер, әкімдер, қоғам белсенділері жетерлік. Мәселен, Білім және ғылым министрі қызметін атқарып, ұстаздар қауымы мен жұртшылық ықыласына бөленген Асхат Аймағамбетов «Аманат» ұсынған тізімге енді. Бұдан бөлек, бұрынғы вице-министрлер Татьяна Савельева, Мәди Такиев, Ақсу қаласының экс-әкімі Нұржан Әшімбетов те Мәжіліске барады.

Сонымен қатар журналистер Мақсат Толықбай, Нартай Сәрсенғалиев, Сергей Пономарев, белгілі блогерлер Максим Рожин мен Самат Нұртаза депутаттық мандат иеленді. Ерекше айта кетерлігі, белгілі айттыкер ақын Ринат Зайытқова да Мәжілістен орын бұйырды. Айттықтарда билікті талай мәрте сынаған, халықтың ықыласына бөленген ақын ендігі жерде елдің мұң-мұқтажын Парламентте көтереді.

(Соңы 3-бетте)

Мәжілістің VIII шақырылымы: Депутаттар тіркелді



Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен Парламент Мәжілісінің VIII шақырылымы депутаттарын тіркеу мәселесі бойынша Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтті. Парламент Мәжілісінің жаңадан сайланған депутаттары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан отырыс ОСК интернет-ресурсында көрсетілді.

Жиынды ашқан Нұрлан Әбдіров Парламент депутаттарының кезектен тыс сайлауы өткен жылдың маусым айында республикалық референдумда жалпыхалықтық дауыс беруден басталған үлкен сайлау циклін аяқтайтынын айтты.

«Сайлауды өткізудің жаңа форматы азаматтардың саяси процеске қатысу мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті және тұтастай сайлау саласын жандандырды. Парламент Мәжілісінің барлық 98 депутаты тікелей сайлау құқығы негізінде сайланды, яғни тікелей азаматтар сайлады», деп атап өтті ОСК төрағасы.

Ол сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 24-бабына сәйкес Парламент депутатының өкілеттігі оны Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутаты ретінде тіркеген кезден басталатынын атап өтті.

Парламент Мәжілісінің VIII шақырылымы депутаттарын тіркеу туралы Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымы депутаттарын тіркеу мәселесі бойынша

тісті шешімдердің жобаларын әзірлегенін хабарлаған ОСК хатшысы Мұхтар Ерман баяндама жасады. Осылайша, ОСК қаулыларына сәйкес Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымының 98 депутаты тіркелді. Оның ішінде тіркелген алты саяси партияның партиялық тізімдері бойынша 69 депутат («Аманат» партиясы – 40, «Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы – 6, «Ауыл» партиясы – 8, Қазақстан Халық партиясы – 5, «Respublica» партиясы – 6 және ЖСДП – 4 депутат) және 29 депутат бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланды.

ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров депутаттарға республиканың жоғары өкілді органында ел игілігі үшін жемісті жұмыс тілей отырып, куәліктер мен төс белгілерді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің партиялық тізімдер бойынша сайланған VIII шақырылымы депутаттарын тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12, 45, 46 және 98-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сегізінші шақырылымы депутаттары тіркеліні:

1) «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясының партиялық тізімі бойынша: Барлыбаев Ерлан Хайланұлы Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы Еспаева Дания Мәдіқызы Иса Қазыбек Жарылқасынұлы Перуашев Азат Тұрлыбекұлы Садықов Асқар Аманбайұлы

2) «Аманат» партиясының партиялық тізімі бойынша:

Авершин Константин Викторович Адамбеков Тілектес Серікбайұлы Аймағамбетов Асхат Қанатұлы Әбдиев Ерлан Тұрсынбайұлы Әбен Мұрат Абдуләмитұлы Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы Әшімбетов Нұржан Кемерұлы Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы Бәшімов Марат Советұлы Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлы Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы Деметьева Наталья Григорьевна Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы Елеуов Ғалымжан Алмасбекұлы Зайытов Ринат Рифхатұлы Имашева Снежанна Валерьевна Казанцев Павел Олегович Керімбек Болат Бақбергенұлы Колода Дмитрий Владимирович Кучинская Юлия Владимировна Қошанов Ерлан Жақанұлы Құспан Айгүл Сайфоллақызы Мұсабаев Самат Базарбайұлы Нұртаза Самат Русланұлы Пономарев Сергей Михайлович Рау Альберт Павлович Рожин Максим Николаевич Савельева Татьяна Михайловна Саиров Ерлан Биахметұлы Сарым Айдос Әмірроллаұлы Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы Смағұлов Бауыржан Әміржанұлы Смышляева Екатерина Васильевна Сүлейменова Жұлдыз Досбергекқызы Тәкжиев Мәди Төкешұлы Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы

Толықбаев Мақсат Мәлікұлы Шапақ Үнзілө Шаталов Никита Сергеевич Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлы

3) «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының партиялық тізімі бойынша:

Абден Қаракат Жақсылыққызы Арсютин Николай Геннадьевич Баққожаев Анас Ахатұлы Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы Егізбаев Серік Рахметоллаұлы Зейнуллин Аян Талғатұлы Саурықов Ерболат Байзақұлы Серіков Тансауле Ғабдыманұлы

4) Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының партиялық тізімі бойынша: Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы Сағандықова Ажар Бақытқызы Сайлаубай Наурыз Саятұлы

5) Қазақстан Халық партиясының партиялық тізімі бойынша: Магеррамов Магеррам Мамедович Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы Смирнова Ирина Владимировна Сұңқар Ислам Еркінұлы Танашева Гаухар Шаймерденқызы

6) «Respublica» партиясының партиялық тізімі бойынша: Берденов Руслан Арысбекұлы Құспеков Олжас Хайроллаұлы Наумова Динара Рұстамқызы Тау Нұрғұл Ходжаназаров Айдарбек Асанұлы Шүкіжанова Динара Аманжолқызы

2. Тіркелген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына куәліктер және омырауға тағатын белгілер тапсырылсын.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы
Н.ӘБДІРОВ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы
М.ЕРМАН

Астана қаласы 2023 жылғы 28 наурыз № 69/761

Халық сенімін ақтайтын шақ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Ауыл» партиясы ұсынған тізімде заң шығарушы органның жұмысымен Жигули Дайрабаев қана жете таныс. Партия төрағасының орынбасары 1990 жылы Жоғарғы Кеңестің XII шақырылымында депутат болып сайланған еді. Былтыр президенттікке үміткер атанған Қаракат Әбден де тізімге енді. Бұдан бөлек, Ерболат Саурықов, Серік Егізбаев сынды азаматтарға да Мәжілістен мандат бұйырды.

«Respublica» партиясы жаңадан құрылғандықтан әрі құрамына кілен жастар жиналғандықтан, ешқайсысы бұрынсоңды заң шығарушы орган жұмысына араласқан емес. Партия төрағасы, «Олжа Арго» холдингінің бас директоры Айдарбек Қожаназаров, «Aknet Pharmaceuticals» компаниясының басшысы, партияның тең төрағасы Руслан Берденов, тағы бір тең төраға Динара Шүкіжанова депутат атанып отыр. Бұдан бөлек, Олжас Құспеков, Динара Наумова және Нұрғұл Тау секілді мүшелер де бар.

Өздеріңізге мәлім, бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Парламентке өткен партиялар тізімінде жастарға, әйелдерге 30 пайыздық квота берілген еді. Биылдан бастап бұл тізімге мүмкіндігі шектеулі азаматтар да қосылды. Демек қоғамдағы бүкіл әлеуметтік топ қамтылды деген сөз. Мәселен, алғаш рет Парламентте мүмкіндігі шектеулі 6 депутат ел үшін еңбек етпек. Бұл еліміз үшін де, халықаралық қоғамдастық үшін де маңызды мәселе. «Respublica» – осы ережені қатаң сақтаған партияның біреуі. Мәселен, депутаттық мандат алғандардың жартысы әйел. Оның үстіне, ешқайсы да 40-қа толмаған, кілен жастар.

Ал Динара Наумова балалардағы церебралды паралич (ДЦП) ауруына туабітті шалдыққан. Әдетте, мұндай науқасқа ұшырағандар мүмкіндігі шектеулі азаматтар қатарына жатады ғой. Алайда Динара ханым жасынан нағыз жанқиярлық пен ерік-жігердің үлгісін көрсете білген. Туғаннан «ДЦП»-ға шалдыққан оны 3 жасында анасы тастап кеткен екен.

Ал 13 жасқа толғанда ресми түрде өз қызынан бас тартқан. Бірнеше рет күрделі операцияны бастан өткергеннен кейін өз аяғымен жүруге мүмкіндік алыпты. Кейінірек «Менің арманым» байқауына қатысып, Қабанбай батыр ауылында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттық сауықтыру орталығын ашады.

«Ақ жол» ұсынған тізімдегі алты адамның төртеуі, яғни Азат Перуашев, Ерлан Барлыбаев, Дания Еспаева және Қазыбек Иса VII шақырылымы депутаттық міндетті атқарған. ЖСДП атынан президенттікке үміткер болған Нұрлан Әуесбаев бастаған төрт адам депутат атанды. «Халық партиясы» атынан ұсынылған Магеррам Магеррамов пен Ирина Смирнова да өткен шақырылымда депутат болған. Айта кетерлігі, «Халық партиясы» да мүмкіндігі шектеулі азаматқа мүмкіндігі беруге шешім қабылдаған екен. Голбол мен тауға өрмелеуден Қазақстан чемпионы, паралимпиада ойындарының қатысушысы Кенжеғұл Сейтжан да депутат атанды. Көзі көрмесе де, өмірге ғашық азамат ендігі жерде мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесін Парламент қабырғасында көтереді.

Тағы бір айта кететін мәселе – Мәжілістегі 29 депутат мажоритарлы жүйе бойынша сайланғаны мәлім. Ең қызығы, бәрі ерекше айта кетерлігі, мажоритарлы жүйе бойынша сынға түскен үміткерлердің басым бөлігі, яғни 435 кандидат өзін-өзі ұсынған. Дегенмен бұл сайлауда «Аманат» ұсынған үміткерлердің бәсі жоғары болды. Мәселен, талай жыл Парламентте еңбек еткен, заң шығарушы органның ұнғыл-шұңғылын жете білетін Нұртай Сабильянов Абай облысы атынан сайланды. Сондай-ақ Сеул Олимпиадасының грек-рим күресінен күміс жүлдегері Дәулет Тұрлыханов та Астана қаласындағы №1 сайлау округінен оза шапты. Бұдан бөлек, «Аманат» тізімінде VII шақырылым депутаты болған Еділ Жаңбыршин, Гүлдіра Нұрмынова да бар.

Белгілі блогер, халық арасында «Дәулеттен» атымен танылған Дәулет Мұқаев Астана қаласындағы №2 сайлау округінен сайланды. Ұзақ жыл

опозициялық «Дат» басылымын басқарған Ермұрат Бапи да өз округінде жеңіске жетті. Сонымен қатар белгілі заңгерлер Бақытжан Базарбек, Абзал Құспан секілді азаматтар да Мәжіліс құрамына енді.

Міне, осылайша, талайдың назарын аударған саяси бәсеке аяқталды. Енді, депутаттар ант беріп, ресми түрде қызметіне кіріседі. Биылғы сайлаудың бұрынғыдан өзгеше болғанының бір себебі мынада. Мәжіліске алты партия өтіп көбінде осындай жүйе бар. Мәселен, Франция, Германия, Нидерланд секілді мемлекеттер парламентіне бірнеше партия енген. Кейде сайлауға түскен партиялар 50 пайыздық межеден аса алмай, коалиция құратынына талай мәрте куә болдық. Тіпті Италия, Израиль секілді кей елде коалиция құрудың өзі ұзаққа созылып, партиялар өзара тартысқа түседі.

Ұлттық құрылтай мүшесі, саясаттанушы Қазыбек Майгелдиновтің айтуынша, Парламент сайлауына 7 партияның қатысып, алтауының Мәжіліске өтуі жақсы үрдіс. Өйткені мұндай құбылыс елде көппартиялық жүйенің орнығуына зор үлес қосады.

«Биылғы сайлау – Президент бастамасымен үш жылда жүргізіліп жатқан еліміздегі саяси реформалардың нақты практикалық жүзеге асуы. Елімізде жаңа саяси күштердің пайда болуы, саяси плюрализмді дамыту үшін, саяси бәсекелестік алғышарттарын жасау үшін сайлау туралы және саяси партиялар туралы заңдарға өзгеріс енгізілді. Әсіресе, сайлау жүйесін өзгертуге байланысты республикалық референдумда нақты мәселелер қарастырылды. Қазіргі таңда жүзеге асып жатқан бағыттардың бірі осы», дейді К.Майгелдинов.

Қорыта айтқанда, халық жаңадан сайланған Мәжілістен үміт күтіп отыр. Тұрғындар таңдауына жасады, енді депутаттар артылған міндетті абыроймен атқаруы керек.

Артылатын үміт зор

Сонымен Мәжілістің су жаңа 98 депутаты анықталды. Тізімге қарағанда, көбі ел алдында жүрген азаматтар. Әрине, алдына ала тон пішуге болмас. Елдің қамы мен мұң-мұқтажы жолында тер төгіп, жоғары билік алдында халықтың сөзін сөйлей ала ма, жоқ па, оны уақыт көрсетеді.

Алғаш рет 6 партия өкілі заң шығарушы органның 69 мандатына ие болды. Арасында жетінші шақырылымда Парламент мінберінен өзекті мәселелерді көтере білген Қазыбек Иса мен Ерлан Саировтың партия тізімі арқылы мандатқа қайта ие болғаны қуантады. Өйткені олардың бұған дейін ұлтқа қатысты мәселелер туралы талай депутаттық сауал жолдағандарын көз көріп, құлақ естіді.

Мәжіліске партия тізімімен халыққа сүйкімі бар Асхат Аймағамбетовтің өткенін жұрт әлеуметтік желіде қуана жазып жатыр. Халық айтса, қалт айтпайды. Жас болса да,

сенім мандатына ие болған азамат. Енді халық қалаулысы ретінде осы сенімді ақтай ала ма, жоқ па, оған да уақыт төреші.

Бірмандатты округтер бойынша сайланған депутаттар арасында Ермұрат Бапи, Мұқаш Ескендіров пен Гүлдіра Нұрмырованы ерекше атау едім. Алғашқысы шындықты шырықтата айта алды, «Дат» жобасымен шығарған газеттерді өзекті тақырыптарды батыл көтере алды. Сол үшін газеттері талай жабылды. Онда да қайтқан жоқ. Оған күмән келтіргендер «Даттың» бұрынғы мен бүгінгі тігінділерін қараса болады. Жамбыл облысынан сайланған соңғы

екеуі расында халық қалаулысы. Жерлестерінің басым бөлігі сайлауда оларға дауыс берді. Сенім білдірді. Мұқаш Зұлқарнайұлы сындыр сөздің емес, нақты істің адамы екенін баяғыда-ақ дәлелдеп қойған. Ал Гүлдіра Алданышқызы жетінші шақырылымда «халық қалаулысы» атына әбден лайық екенін көрсетті. Өз саласы саналатын медицина мәселесін талай көтерді. Құрғы көтеріп қана қойған жоқ, оның шешілуіне де азды-көпті үлес қосты. Сегізінші шақырылымда да солай болатынына күмән жоқ.

Әрине, кімнің кім екенін уақыт көрсетеді. Тек 98 депутат халық сенімін артқы баға жоқ екенін ұмытпай, тұрғындардың тұрмысын түзейтін заңдардың қабылдануына ықпал етсе болғаны.

Жасулан МӘУЛЕНҰЛЫ,
«Қазақ» газетінің бас редакторы

Әділетті болу – басты бағдар

Парламент мен мәслихатқа жаңа депутаттар 7 партияның қатысуымен сайланып қана қоймай, олардың бір бөлігінің өзін-өзі ұсыну жолымен бәсекеге түсуі сындарлы қалам.

Бірақ сайлау барысында анықталған кейбір көзге түскен нәрсе – көптеген кандидаттың өз бағдарламаларын жеткілікті деңгейде насихаттай алмады. Ақпараттың сайлаушыларға толыққанды жетпегені, олар туралы мәліметтің аздығы кейбір үміткерлердің саяси рейтингін төмендетті деуге болады. Алматы қаласындағы сайлаушылар санының аздығы үгіт-насихат жұмысының толыққанды жүргізілмегенін көрсетеді.

Биыл ел аймақтары мен елді мекендеріндегі 10 мыңнан аса сайлау уәкесінде, 62 басқа елдердегі сайлау пункттерінде Қазақстан

Парламенті пен мәслихаттарына депутаттарды сайлау жоғары деңгейде өтті деп нақты айта аламыз. Бұл сайлаудың тағы бір өзіндік ерекшелігі деп екі түрлі бағыттағы сайлаудың бір күнге біріктіріліп, бір уақытта өткізілуіне атауға болды. Нәтижесінде, қазіргі әлеуметтік сипаты күрделі заманда осы әрекет еліміз үшін үлкен қаржылық және уақыттық тиімділігі бар қадам деп бағаланады. Жаңа тарихи кезеңде нұрлы ақылға, нақты нәтижелерге, әлеуметтік және тұлғалық жауапкершілікке сүйенген прагматизм заманы туды. Сол қисынмен алға қарай үйлесімді жылжыған орынды.

«Аманат» саяси кеңістікте басымдық танытатын партия екенін тағы да дәлелдеді, «Ауыл» партиясының екінші орынға шығып, жаңадан құрылған «Respublica» партиясының үшінші орынға жайғасуы – биылғы сайлаудың өзіндік жаңалығы. Бірақ бұл жағдайды кездейсоқ нәтижелер деп те атауға болмайды. Демек, елімізде барлық деңгейде демократиялану үдерістері өзінің ерекше келбетін байқата бастады. Тек енді барлығымызға әділеттілік қағидатын партиялық және дара тұлғалық жауапкершілікпен тікелей астастырып отыру маңызды.

Серік НҰРМҰРАТОВ,
Философия, саясаттану және дінтану институты Философия орталығының директоры